

## "Қармақшы аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

### Күшін жойған

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 шілдедегі № 283 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 12 тамызда № 5096 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 315 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 23.12.2015 № 315 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңына және "Мәслихаттың ұлгі регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 3 желтоқсандағы № 704 Жарлығына сәйкес Қармақшы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған "Қармақшы аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.
2. "Қармақшы аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" Қармақшы аудандық мәслихатының 2008 жылғы 26 наурыздағы № 47 шешімі жойылсын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қармақшы аудандық  
мәслихатының кезекті  
41-сессиясының төрағасы

M. Ибраев

Қармақшы аудандық  
мәслихатының хатшысы

M.Наятұлы

Қармақшы аудандық мәслихатының  
2015 жылғы 23 шілдедегі  
№ 283 шешімімен бекітілген

## "Қармақшы аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесі

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Қармақшы аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі Қармақшы аудандық мәслихатының, оның органдары мен депутаттарының қызметін қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органды болып табылады.
2. "Қармақшы аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жок.
3. "Қармақшы аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
4. "Қармақшы аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органындарында шоттары болады.
5. "Қармақшы аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.
6. "Қармақшы аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.
7. "Қармақшы аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қармақшы аудандық мәслихат хатшысының өкімдері мен Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды
8. "Қармақшы аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.
9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индекс 120500, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Қорқыт Ата көшесі, №1.
10. Мемлекеттік органдың толық атауы: "Қармақшы аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі.
11. "Қармақшы аудандық мәслихат аппараты" мекемесінің жұмыс режимі:
  - 1) "Қармақшы аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі аптада 5 (бес) күн жұмыс істейді;
  - 2) "Қармақшы аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің жұмысы жергілікті уақыт бойынша сағат 09.00 де басталып, сағат 19.00 де аяқталады. Сағат 13.00 дең 15.00 ге дейін үзіліс.
  - 3) сенбі, жексенбі күндері және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мереке күндері "Қармақшы аудандық мәслихат аппараты"

мемлекеттік мекемесі жұмыс істемейді.

12. Осы Ереже "Қармақшы аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

13. "Қармақшы аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру аудан бюджетінен жүзеге асырылады.

14. "Қармақшы аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Қармақшы аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

15. "Қармақшы аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің миссиясы:

Ауданның халқы сайлайтын, халықтың еркін білдіретін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны іске асыру үшін қажетті шараларды айқындайтын және олардың жүзеге асырылуын бақылайтын сайланбалы орган болып табылатын Қармақшы аудандық мәслихаты мен оның органдарын ұйымдастырушылық, құқықтық, материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

16. Міндеттері:

Қармақшы аудандық мәслихат депутаттарына өздерінің өкілеттігін жүзеге асыруына көмек көрсетеді.

17. Функциялары:

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңына, Қазақстан Республикасының Заң актілеріне, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес міндеттері мен функцияларын іске асырады.

18. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз құзыреті шегінде Қармақшы аудандық мәслихаты Регламентінің сақталуын қамтамасыз етеді;

2) мәслихат пен оның органдарының қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету, депутаттарға өздерінің өкілеттіктерін жүзеге асыруға көмек көрсетеді;

3) азаматтардың (сайлаушылардың) Қармақшы аудандық мәслихатына жолдаған хаттарын, арыз-шағымдарын тіркейді және қарайды, депутаттардың назарына жеткізеді, олардың орындалуына бақылауды жүзеге асырады, қажет

болған жағдайда олар бойынша жауап дайындаиды;

4) "Қармақшы аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінде азаматтарды қабылдауды ұйымдастырады;

5) Қармақшы аудандық мәслихатының актілерін өзірлеуге қатысады, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен оларды әділет органдарына тіркеуге жолдайды;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен Қармақшы аудандық мәслихатының шешімдерінің бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етеді;

7) Қармақшы аудандық мәслихатының іс-жүргізу қызметін жүргізеді;

8) мәслихат аппаратының мемлекеттік қызметшілері өз қызметін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

### **3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру**

19. "Қармақшы аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Қармақшы аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

20. "Қармақшы аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Қармақшы аудандық мәслихатының сессиясында депутаттардың арасынан ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы депутаттар жалпы санының көпшілік даусымен сайлайды және қызметтен босатады.

21. "Қармақшы аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары жоқ.

22. "Қармақшы аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) мәслихат сессиясын және оның қарауына енгізілетін мәселелерді өзірлеуді ұйымдастырады, хаттама жасалуын қамтамасыз етеді және сессия төрағасымен бірге мәслихат сессиясында қабылданған немесе бекітілген шешімдерге, өзге де құжаттарға қол қояды;

2) мәслихат депутатарының өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына жәрдемдеседі, оларды қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді, депутаттарды мәслихат сессияларына, оның тұрақты комиссияларының және өзге де органдарының жұмысына және сайлау округтеріндегі жұмысқа қатысуы үшін қызметтік міндеттерін орындаудан босатуға байланысты мәселелерді қарайды;

- 3) депутаттар сауалдарының және депутаттың өтініштердің қаралуын бақылайды;
- 4) мәслихат аппаратының қызметіне басшылық жасайды, оның қызметшілерін қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;
- 5) заңнамаға сәйкес аппарат қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;
- 6) сайлаушылар өтініштері туралы және олар бойынша қабылданған шаралар туралы мәслихатқа үдайы ақпарат беріп отырады;
- 7) мәслихаттың жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимылын ұйымдастырады.
- 8) аудан әкіміне сенімсіздік білдіру туралы мәселеге бастамышылық еткен мәслихат депутаттарының жиналған қолдарының төлнұсқалығын тексеруді ұйымдастырады;
- 9) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өкімдер шығарады;
- 10) мәслихаттың тұрақты комиссиялары мен өзге де органдарының және депутаттың топтардың қызметін үйлестіреді;
- 11) мемлекеттік органдармен, ұйымдармен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және қоғамдық бірлестіктермен қарым-қатынастарда мәслихат атынан өкіл болады;
- 12) мәслихат шешімдерінің жариялануын қамтамасыз етеді, олардың орындалуына бақылау жасау жөніндегі іс-шараларды белгілейді;
- 13) заңнамада белгіленген тәртіппен аппарат қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады және көтермелей шараларын қабылдайды;
- 14) "Қармақшы аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күреске бағытталған шараларды қабылдайды және жемқорлыққа қарсы тұру жұмыстарының жай-күйіне дербес жауапты болады;
- 15) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына және Қармақшы аудандық мәслихатының шешімдеріне сәйкес өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

"Қармақшы аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезде оның өкілеттігін мәслихат сессиясы төрағасының шешімі бойынша мәслихат тұрақты комиссияларының бірінің төрағасы немесе мәслихат депутаты уақытша жүзеге асырады.
23. "Қармақшы аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке сайланатын және қызметтен босатылатын Қармақшы аудандық мәслихатының хатшысы басқарады .
24. Заңды тұлға мен мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның), заңды тұлғаның әкімшілігі мен оның еңбек

Ұжымының арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

#### **4. Мемлекеттік органдың мүлкі**

25. "Қармақшы аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Қармақшы аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алғанған мүліктен (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

26. "Қармақшы аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесіне бекітіліп берілген мүлік аудандық меншікке жатады.

27. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Қармақшы аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алғанған мүлкті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

28. "Қармақшы аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.